

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 25 қаңтардағы № 9-ө өкімі.

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық құқықтық актілерді қабылдасын және тізбеде белгіленген мерзімде қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігін хабардар етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі ұсынылған ақпаратты жинақтасын және құқықтық актілер қабылданған күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

А. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2021 жылғы 25 қаңтардағы  
№ 9-ө өкімімен  
бекітілген

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

Р/с №	Құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Құқықтық актілердің сапасына, уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты адам
1	2	3	4	5	6
	"Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің	Қазақстан Республикасы			

1.	кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 наурыздағы № 142 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Үкіметінің қаулысы	АҚДМ	2021 жылғы ақпан	К.Б.Ойшыбаев
2.	"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЦДИАӨМ	2021 жылғы ақпан	А.С.Жамбакин
3.	Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын мемлекеттік органдардың ашық деректерінің бірыңғай тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АҚДМ	2021 жылғы ақпан	Б.А. Тілепов
4.	Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АҚДМ	2021 жылғы ақпан	Б.А. Тілепов
5.	Көшірме жасауға немесе басып шығаруға жұмсалатын нақты шығындардың мөлшерін және оларды ақпарат иеленушіге төлеу тәртібін, сондай-ақ халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын көшірме жасауға немесе басып шығаруға жұмсалатын шығындарды төлеуден босату тәртібін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АҚДМ	2021 жылғы ақпан	Б.А. Тілепов
6.	Республикалық және өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің бұйрығы	АҚДМ	2021 жылғы наурыз	К . Б . Ойшыбаев
7.	Республикалық деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің бұйрығы	АҚДМ	2021 жылғы наурыз	К . Б . Ойшыбаев
8.	Өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің бұйрығы	АҚДМ	2021 жылғы наурыз	К.Б.Ойшыбаев
9.		Қазақстан Республикасы Ақпарат және	АҚДМ		К.Б.Ойшыбаев

	Мемлекеттік ақпарат саясаты мәселелері жөніндегі республикалық комиссия туралы ережені және оның құрамын бекіту туралы	қоғамдық даму министрінің бұйрығы		2021 жылғы наурыз	
10	Мемлекеттік ақпарат саясаты мәселелері жөніндегі еңірлік комиссиялар туралы үлгілік ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің бұйрығы	АҚДМ	2021 жылғы наурыз	К.Б.Ойшыбаев
11	Салауатты өмір салтын кеңінен таныту жөніндегі әлеуметтік жарнаманы қалыптастыру және отандық телеарналарда орналастыру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің бұйрығы	АҚДМ, ҰЭМ, ДСМ, БҒМ	2021 жылғы наурыз	К.Б. Ойшыбаев
12	Ашық деректердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің бұйрығы	АҚДМ, ЦДИАӨМ	2021 жылғы наурыз	Б.А. Тілепов
13	Ашық бюджеттердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру және бюджеттік бағдарламалардың жобаларын (бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептерді) жария талқылау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің бұйрығы	АҚДМ, ЦДИАӨМ, Қаржымині, ҰЭМ	2021 жылғы наурыз	Б.А. Тілепов
14	Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау интернет-порталында ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің бұйрығы	АҚДМ, ЦДИАӨМ, ЕК (келісу бойынша)	2021 жылғы наурыз	Б.А. Тілепов
15	Ашық диалог интернет-порталында жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің бұйрығы	АҚДМ, ЦДИАӨМ	2021 жылғы наурыз	Б.А. Тілепов
16	Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын ақпараттық толықтыру қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бұйрығы	ЦДИАӨМ, АҚДМ	2021 жылғы наурыз	А.С.Жамбакин
	Қол жеткізу шектелген ақпаратты қоспағанда, мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерінде қамтылған	Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар			

17	деректерді талдауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы	ж ә н е аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бұйрығы	ЦДИАӨМ, АҚДМ	2021 жылғы наурыз	А.С.Жамбакин
18	Өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың әдістемесін бекіту туралы	облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдіктерінің қаулылары	облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астана әкімдіктері	2021 жылғы наурыз	облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдерінің жетекшілік ететін орынбасарлар ы

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

АҚДМ - Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;

БҒМ - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі;

ДСМ - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

ЕК - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті  
Қаржымині - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;

ҰЭМ - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;

ЦДИАӨМ - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі.